

Т.Есетовтің 100 жылдық мерейтойына арналған деректі фильм сценарийі

Сценарийін жазғандар: М.Мұратаева, С.Сәтова

(Мұғалім ескерткіштің алдында тұрады)

Мұғалім сөзі:

Қазақ халқы өзінің өткен өмір жолында талай-талай тар жол тайғақ кешу кезеңдерін басынан өткерген. Тәуелсіз бен Теңдікке жету жолында ауыртпашылық пен азапқа, талай қиындық пен мұхнатқа қабырғасы қайыса қарсы тұрып төтеп берген. Өз Тәуелсіздігін бейбіт, демократиялық жолмен алуды көздеген зиялы саясаткерлер мен асқақ мұратты азаматтар болды. Солардың бірі – Кеңестік дәуірде Қазақстан Республикасының қалыптасуына ұлттық зиялылар қатарында үлкен үлес қосқан азаматтарының бірі – Тәкей Есетов.

— Тәкей Есетов жайлы не естідік, не білеміз?

1-оқушы

Есетов Тәкей (1923-2004) – Сыр елінің ардақты ұлы, қазақ халқының тарихында елеулі орын алатын тұлға, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, артына ұмытылмас із қалдырған азаматтардың бірі. Қазалы ауданында дүниеге келген. Тәкей Есетов – Абд ул Жалил баб-Хорасан атадан тарайтын Ер Сейітпенбет қожа әулетінің ұрпағы (Ер Сейітпенбет-Әбдіжаппар-Қарақожа-Қалдар-Асыл-Есет-Тәкей).

1-көрініс

(Мұғалім сабақ өтіп жатыр. Оқушы Тәкей сабақта отыр).

Мұғалім : кане, балалар, енді «Мен өскенде кім болам?» деген тақырыпта шығарма жазайық.

(Балалардың барлығы ойланып, жаза бастайды. Тәкей де ойланып, жаза бастайды. Сырттан ойы естіліп тұрады)

«Мен өскенде кім болсам екен? Ұшқыш та, жазушы да болмаймын. Мен өскенде еліме адал қызмет жасайтын азамат боламын. «Атаңның баласы емес, адамның баласы бол» деген сөз бар емес пе? Мен болашақта халықтың өмірін жақсартуға үлесімді қосамын. Халықты аштықтан құтқарып, білім үйретемін! Міне, менің мақсатым!»

(1-көрініс бітеді)

2-оқушы

Бала арманына жету үшін тынбай білім алған жас Тәкей еңбек жолын сауатсыздарға әріп үйрететін курста мұғалім болып бастаған. Соғысқа дейін

халық сотының хатшысы болып істеді. Алматыдағы 6 айлық авиациалық курсты бітіріп, майданға аттанған. 1943 жылы ауыр жарақат алып, елге оралған. Соғыстан кейін аудандық сотта, мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде, аудандық қаржы бөлімінде қызмет етті. Ленинград қаржы-экономика институтын (1955) бітірген.

3-оқушы

1955 жылдан Арал ауданы қаржы бөлімінің бастығы. 1957-85 жж. Арал ауданы партия комитетінің екінші хатшысы, Қызылорда облысы партия комитетінің бөлім меңгерушісі, Арал ауданы партия комитетінің бірінші хатшысы, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарды.

Тәкей Есетұлы – Сыр өңірінің дамуына, тұрғындардың әлеуметтік жағдайының түзелуіне аянбай қызмет жасаған, ел ілтипатына бөленген абыройлы азамат, қайраткер тұлға. Сол кездегі өңір экономикасы мен әлеуметтік жағдайын дұрыс бағамдай білген, көпшіліктің риясыз алғысына бөленіп, бұқара халықтың сенімін арқалаған білікті басшы.

4-оқушы

1969 жылы Арал теңізінің тартылып кету қауіпін зерттеп білген Т.Есетов мәселе көтеріп, Республика Үкіметі Аралға арнайы комиссия жібереді. Сол кезде теңіздің тартыла бастағаны, келе жатқан экологиялық апаттың алапат толқыны жайлы ең алғашқы болып қозғау салған Тәкей Есетов екендігін екінің бірі біле бермейді. Елінің ертеңін ойлаған жанашыр азамат осындай ұлы істерге ұйытқы болды.

2-көрініс

Тәкей – қызметкер. Қызу жиналыс болып жатыр.

Әр жерден : -Аралға су құяйық деген не сөз?

- Су егіске де жетпей жатыр ғой

- Аралға қалай тартпақпыз?

Жиналыс жүргізушісі : Жолдастар, жолдастар! Дабырламайық. Есетов жолдастың ұсынысын тыңдайық.

Т.Есетов: - Жолдастар, мен егіске су бермейік деп отырған жоқпын.

Үнемдейік деймін. Бұл су жетіспеушіліктен мал жайылымы да қуаңшылық

көріп жатыр. Арал теңізінің хәлі күннен-күнге нашарлап бара жатыр. Егер Сырдария мен Каспий арқылы 20 текше километр су беріп тұрса, олардың экологиялық сипатына көп зиян келмейді. Екіншіден, Өзбекстан, Түркменстан су алмаса, сол Каспий мен Сырдариядан толықтай жылына 117 текше километр су түседі екен. Менің осы екі ұсынысымды ойлап көрсеңіздер

Жиналыс жүргізушісі : жақсы, Есетов жолдас. Бұл ұсынысыңызды Жоғарғы кеңеске талқылауға ұсынамыз.(соңы)

5-оқушы

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Тәкей Есетов туралы жарыққа шыққан «Тағдыр мен тағылым» атты кітапта әуелі Арал ауданында басшы болған жылдарда абыройлы қызмет еткені жазылады. Міне, осы қызметтерде жүріп, ел жағдайын етене танып-біледі. Осы тұста халықтың әлеуметтік ахуалын, тұрмыс-тіршілігін жақсарту мақсатында мектеп, балабақша, аурухана, тұрғын үйлердің құрылыстары жүргізіліп, аралдықтардың игілігіне берілуінде Тәкей Есетовтің қосқан үлесі зор болған. Осындай ауқымды жұмыстарды атқаруда аудан басшысы Т.Есетов тамаша ұйымдастырушы, көреген басшы екендігін таныта білді.

6-оқушы

Атам қазақ «Жақсы жар – азаматтың бақыты» деп бекер айтпаған. Азаматтың бақытты болуы, басына қонған бағының баянды болуы әйеліне тікелей байланысты. Тазагүл Сейтжанқызы тұз-дәмі жарасып, Тәкеңмен отбасын құрды, бір ұл, бір қызды болды, оның үстіне Тәкеңнің бұрынғы отбасынан аналары қайтыс болған төрт баланың, әке-шешесі дүниеден өткен сегіз сінлісінің, барлығы он төрт жанның тағдыры мен тәрбиесі мейірімді әйел-ананың пешенесіне жазылған екен. Тазагүл Сейтжанқызы тағдырдың аманатын, бұл жауапты да аса ауыр міндетті абыроймен орындады. Балаларының бәрін оқытып, жоғары білім беріп, тәрбиелеп, өзінің отбасынан он үш жанұя шығарып, шаңырағын көтертті.

(балдызынан сұхбат аюу)

7-оқушы

Тәкей Есетұлы 1978 жылдан 1985 жылдар аралығында Қызылорда облысын басқарған кезеңде құрылыс қарқын алды. Облыс орталығында драма театр, музей, әуежай, басқа да әлеуметтік нысандардың құрылысы сол кезеңдерде қатар жүргізілді. Одан өзге «Қызылордарисмаш» зауыты, «Шалқия» кеніші секілді көптеген өндіріс орындарының жұмысы жандана түсті.

Тәкей Есетовтің елдің мұрат-мүддесі жолындағы еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, бірнеше рет КСРО Жоғарғы Кеңесінің, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған. 5 орден (оның ішінде 3 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Октябрь Революциясы» ордендері), 12 медальмен марапатталған.

8-оқушы

Тәкей Есетұлы туралы Қ.Көшербаев, С.Құбашев, Ш.Серікбаев, С.Желдербаева, К.Махсұт т.б. замандастары өз естеліктерінде ағаның адамилық болмысы туралы былай депті:

«...Тегінде, тектілікті халық та, уақыт та, тарих та, ғылым да, тәжірибе де, өмір де жоққа шығармайды. Ал, Тәкеңнің тектілігінің тамыры терең, бұтағы бүтін, жапырағы жасыл. Ол – 90 түйе сексеуілге күймеген, жанбаған әулие Ер Сейітпенбет бабамыздың тікелей ұрпағы. «Маған қиянат қылған адам ешуақытта оңан емес» дейді екен сырлас достарына. Шындығында да солай болды».

9-оқушы

«Тәкең адамның, сөздің қадір-қасиетін аса жетік білетін. Аз сөйлейтін, бірақ саз сөйлейтін. Бекзаттығынан, білгірлігінен, дүлдүлдігінен аз сөйлейтін. Тәкең көпсөзділікті шешендік, діңкілдеуді көсемдік деп білмеді. Сол заманның ұзаққа созылатын жиын-жиналыстарында, отырыстарда Тәкең міз бақпай, тіп-тік, түп-түзу, қозғалыссыз, тек қана кірпік қағып, терең ойдың теңізіне шомылып, бәрін байқап, бәрін бақылап, бәрін бағыттап, тас мүсіндей тапжылмай, қасқайып отырушы еді-ау, жарықтық».

10-оқушы

«...Азаматтың да азаматы бар, қазанаттың да қазанаты бар. Сол сияқты Тәкей Есетұлы ардақтылардың біреуі емес – бірегейі еді»

«...Иә, Тәкең зерек, зерделі, ойшыл, ойын ақылға суарған, пайым-парасатқа ат шалдырған, адалдықты, әділдікті ту еткен, имандылыққа, қанағатқа, шүкіршілікке нар шөктірген, кісілігіне кір түсірмеген, арының, намысының туын жықпаған азамат».

11-оқушы

«...Облыс еңбеккерлерін жаңа табыстарға қол жеткізуге ұйымдастыра білді. Кадрларды таңдау, іріктеу, тәрбиелеу, оларды өндірістің шешуші орындарына жұмысқа қою сияқты мәселені назардан бір сәт тыс қалдырмады». «...Қазалы топырағы өзінің киелілігімен белгілі. Бұл жерден көптеген ұлы тұлғалар шықты. Батыр бабалардың кіндік қаны төгілді. Кешегі Тәкей Есетов ...секілді тұлғаларды күллі республика біледі».

«Тәкей Есетов – Сыр өңірінің экономикалық, әлеуметтік-рухани саласында өзінің ерекше қолтаңбасын қалдырған тұлға».

12-оқушы

«...Теңіздей толқып бүгін, тасып аға,
Жыр төкпей көңіл бүгін басыла ма.
Қожадай текті әулеттің ұрпағы едің,
Бас идім алдыңа кеп, асыл аға!

Жан едің жүзің жарқын, сөзің балдай,
Бойыңа туа біткен төзім қандай.
Көрікті келбетіңе, нар тұлғаңа,
Қараушы ем қайта-қайта көзімді алмай».

13-оқушы

(Т.Есетов өзі қағаз жазып отырады)

*«...Ұзақ жылдар бойы әр алуан қызмет атқара жүріп еш кемшілік
жібермедім десем, мұның өзі артық та, ағат та айтылған сөз болар еді.
Қиыншылықтар да, кемшіліктер де болды. Бірақ ешқашан ар-ұятыма дақ
түсірер істерге, қиянатқа, біреудің сыртынан гайбаттауға барған емеспін.
Менің пенде ретінде іштей бір шүкіршілік жасап қанағат тұтатыным да -
осы».*

14-оқушы (мектептегі ескерткіш, мұражайдың іші көрсетіледі)

*Елі үшін еңбек еткен азаматтың еңбегі ескеріліп, Қызылорда қаласында
№264 мектеп-лицейге Тәкей Есетұлының есімі беріліп, ескерткіш-
кеудемүсіні орнатылған. Мектеп ішінде қайраткерге арналған мұражай да
бар. Қызылорда қаласында және екі аудан орталығындағы көшелерге есімі
берілген. Қайраткердің еңбек жолы туралы деректі фильм түсірілген.*

(Мұғалім қорытындылайды)